

Садықбекова А.Н.
**Қылмыстық заңнамасы
бойынша қылмыстың
қайталануы бойынша жаза
тағайындау мәселелері**

Sadykbekova A.N.
**The problem of sentencing for
repeated offense according of
criminal legislation**

Садықбекова А.Н.
**Проблемы назначения
наказаний по уголовному
законодательству
за неоднократные
преступления**

Бұл мақалада қылмыстардың қайталануы мен оларға жаза тағайындау мәселелері жазылды. Қылмыстардың қайталануын саралау, нормативтік құқықтық актілерге талдау кеңінен жасалған. Сонымен қатар белгілі заңгер ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып тұжырымдамалар мен мысалдар жан-жақты келтіріп жазылды.

Түйін сөздер: қылмыс, жаза, заң, қылмыстардың қайталануы, қылмысты саралау, үкім.

This item discusses the problem of punishment for relapsed by the laws of the Republic of Kazakhstan . A wide analysis of the qualification of the crime (relapse), and legal acts is made. And also comprehensively discussed the concepts and examples in the transactions of the law scientists.

Key words: crime, punishment, law, relapse, qualifications of crime, sentence.

В данной статье рассматриваются проблемы назначения наказания за рецидив по законодательству Республики Казахстан. Произведён широкий анализ квалификации данного преступления (рецидива) и нормативно-правовых актов. А также всесторонне рассмотрены концепции и примеры в трудах ученых-правоведов.

Ключевые слова: преступление, наказание, закон, рецидив, квалификации преступления, приговор.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ
ЗАҢНАМАСЫ
БОЙЫНША ҚЫЛМЫС-
ТЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ
БОЙЫНША ЖАЗА
ТАҒАЙЫНДАУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қылмыстық құқықтық ең маңызды және күрделі мәселелерінің бірі – қылмыстардың қайталануын саралаудың мәселелері. Қылмыстық заңнама бойынша және тергеу тәжірибесінде бұл мәселенің түсінілуі мен шешілуі әрқилы.

Зерттеу барысында қылмыстардың қайталануы мен көптік қылмыстардың ұғымын анықтап, қылмыстық заң нормаларын жетілдіруге байланысты ұсыныстарды анықтау. Қылмыстық заңнама бойынша көптік қылмыстардың нысандарын анықтауға, қылмыстарды бірнеше рет жасау, қылмыстардың жиынтығы және қылмыстардың қайталануын бір-бірінен, көптік қылмыстарды жеке қылмыстардан және қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігінен ажыратуға, қайталанатын және көптік қылмыстар барысында үкімдер жинағын тағайындау мәселелеріне тиісті дәрежеде көңіл аударылды.

Қайталанатын қылмыстарды саралау институтының қылмыстық-құқықтық мәселелеріне арналған. Қайталанатын қылмыстарды саралау мәселелерін зерттеудің өзектілігі және маңыздылығы бірқатар себептермен түсіндіріледі. Қазіргі жағдайда сот-құқықтық реформасын іске асыруда құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасын жүзеге асыруды қамтамасыз ету саласында қылмысты ашу мен тергеу процестерін жетілдіру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабына сәйкес біздің мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады [1].

Біздің елімізде адам бостандығы мен жеке басына қол сұғылмаушылық құқығына қол сұғуға жауаптылықты белгілейтін қылмыстық заңнама елдегі жүргізіліп отырған қылмыстылыққа қарсы саясатқа сәйкес дамытылып, жетілдіріп отырылуға тиіс. Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты концепциясында көрсетіліп кеткендей қылмыстық заңнамада бастама заңмен қорғалатын ең қымбат әлеуметтік құндылық болып табылатын адам құқықтары мен бостандықтары алынуы керек [2]. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты жолдауының жетінші бағытында Мемлекеттік институттар жұмысын жетілді-

ру. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет. Мемлекеттің үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдері керек.

Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс. Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс [3]. ҚР ҚК 59-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қылмыстардың қайталануы, қауіпті қайталануы және аса қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау кезінде бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты және қоғамдық қауіптілік дәрежесі, оның алдыңғы жазаның түзеушілік ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жай, сондай-ақ жаңадан жасалаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі ескеріледі [4].

Қылмыстық кодекстің әртүрлі баптарында, ал жеке реттерде баптардың бөлігінде көрсетілген екі немесе одан да көп қылмыстарды істесе, оның бірде біреуі үшін сотталмаса немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаса, онда оның іс-әрекетінде қылмыстың жиынтығы бар деп танылады.

Басқа сөзбен айтқанда, қылмыстардың жиынтығында кінәлі түрде істелген іс-әрекетте екі немесе одан да көп қылмыстың құрамы болады. Кінәлінің істеген іс-әрекеті қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген баптардың әр түрлі бөлігінің немесе бір баптың неше түрлі тармақшаларында көрсетілген қылмыс құрамының белгілеріне сәйкес болуы керек.

Біздің ойымызша, «Әдеттегі» қылмыскер концепциясы мәнді кемшіліктерге қарамастан, оның қолдаушылары тарапынан нақты қылмысты зерттеу талпынысы қайталап қылмыс жасағандарға қатысты олардың жеке басының қасиеттерін ескеретін қылмыстық қағидаттар мен пенитенциарлық саясат құру туралы тиісті тұжырымдар жасалды.

Жоғарыда айтып өткендей бір жайт аса қауіпті рецидивист институтының теориясының негізі бір мың тоғыз жүз елу тоғыз жылға дейін еліміздегі заңнамада алғаш рет бекітілді.

Сол сияқты адамның істеген біркелкі әрекетінің біреуі біткен қылмыста, басқасы қылмысқа дайындалуды, оқталуды немесе қылмысқа

қатысуды түзетін болса, онда мұндай әрекет те қылмыстың жиынтығы болып табылады. Заң әдебиетінде қылмыстың жиынтығы идеалдық және нақты (реалды) болып екі түрге бөлінеді. Қылмыстың идеалдық жиынтығы деп кінәлінің бір іс-әрекетінен бірден қылмыстық заңның әр түрлі баптары, бір баптың әр түрлі бөліктері, тармақшалары бойынша сараланып, екі немесе одан да көп қылмыстардың істелуін айтамыз. Қылмыстың нақты жиынтығы деп адамның әр түрлі іс-әрекеті арқылы қылмыстық заңның әр түрлі бабына (баптың бөлімдеріне, баптың тармақшаларына) жататын қылмыс жасауын айтамыз [5, 77].

Адамды қылмыстық жауапқа тарту оның іс-әрекетінде белгілі, нақты бір немесе бірнеше қылмыс құрамының белгілері бар болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Мысалы, кісі өлтіру, бұзақылық, тағылық, әйелді зорлау, т.б. қоғамға қауіпті, қылмыстық заңға қайшы істелген іс-әрекетті нақты бір қылмыс құрамына жатқызу және осы әрекетке Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптар бойынша құқықтық баға беруді қылмыстық құқық теориясы қылмысты саралау – деп атайды [6, 5].

Жасалған қылмысты әрекеттерге қылмыстық-құқықтық баға беру бірнеше сатылардан құралатын және ұзақ уақытты қамтитын құқықтық құбылыс болып табылады. Қылмысты квалификациялауға байланысты қылмыстық құқық нормаларын қолданып, оны қылмыстық іс туралы құжаттарда көрсету – бұл қылмыстық құқықты іс жүзінде қолдануды немесе өмірге енгізуді білдіреді. Қылмыстың жасалу уақиғасы бойынша жұмыс істейтін құқық қорғау органдарының түрлеріне және органдардың қылмыстық іс бойынша өз қызметтерін атқару түріне қарай қылмысты әрекеттерді бағалау субъектілері бұл жұмысты өз өкілеттігі шегінде атқарады.

Қылмыстық іс жүргізудің әрбір сатысында, мысалы қылмыстық іс қозғау, айып тағу, прокурорлық қадағалау, істі сотта қарау және үкім шығару кездерінде қылмысты квалификациялауға қатысты мәселелер шешіліп отырады. Мұндай кездерде қылмысқа бастапқыда баға беріп, заң нормасын қолданған органның жұмысына істі кейінгі сатыларда қарайтын органдар бағалау беріп, қате квалификация жасалғанда қайта квалификациялау жүргізіледі. Қылмыстық іске байланысты атқарылатын құқық қорғау органдарының барлық жұмыстары қылмысты квалификациялауға байланысты деп айтуға болмайды. Құқық қорғау органдары

жасалған қылмысқа заң тұрғысынан баға беруден басқа, дәлелдемелерді жинауға, қылмыстың уақиғасын толық ашуға, жаза белгілеуге қатысты қызметтерді де атқарады. Сондықтан қылмыстық іс жүргізу сатыларымен қылмысты квалификациялаудың сатылары деген ұғымдар өзара ұқсас деп түсінуге болмайды.

Қылмыстық іс жүргізу сатылары деген әлдеқайда кең ұғым болып табылады, тек қылмыстық іс жүргізудің барлық сатыларында қылмысты квалификациялауға қатысты мәселелер туындап отыруы мүмкін. Қылмысты квалификациялауға байланысты мәселенің іс жүргізудің кейінгі сатыларда да кездесуі, ол барлық жағдайда қылмыстық істі бұрын қараған органның немесе қызметкердің қате бағалау жүргізуіне байланысты бола бермеуі де мүмкін, кейде тергеу жүргізу немесе қылмыстық істі сотта қарау кездерінде квалификацияға әсер ете алатын жаңа мән-жайлар ашылып жатады.

Қылмыстық іс жүргізу сатыларында іс-әрекетті бағалау бойынша құқығы бар органдар құқық нормаларын қолдануға қатысты мәселелерді атқарып, дәлірек айтқанда, қылмыстық уақиғаның толық мазмұнын ашу, заңның мағынасын түсу және заң нормасын талқылау, ақырында белгілі бір заң нормасына осы қылмысты уақиғаны жатқызу мәселелерін шешеді. Қылмыс уақиғасының мазмұнын толық ашу, ол қылмысқа дұрыс, дәл құқық нормасын қолдануға жағдай жасайды. Қылмыс уақиғасы толық белгілі болғанда квалификацияны дұрыс беру – қылмыстық істі жүргізіп отырған қызметкердің біліміне байланысты.

Қылмыстық істі жүргізу немесе қылмыс бойынша қызмет атқаратын құқық қорғау органдарының тізбектелген жұмыстарына қарай қылмысты квалификациялау субъектілеріне алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары жатады. Ал қылмыстық іс бойынша нақты атқаратын қызметінің түріне қарай бөлгенде анықтаушылар, тергеушілер, прокурорлар және соттар деп бөлуге болады [7, 162]. Заңдылық пен құқықтық тәртіпке байланысты мақсат-міндеттерді шешуде мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің бір тармағы болып табылатын қылмыстық заңның рөлі едәуір, ол – заң бұзушылық қылмыс сияқты аса қауіпті түрімен күресуге бағытталған. Жаза – мемлекет қолындағы маңызды құрал, ол арқылы мемлекет адамды, оның құқығын, бостандығын, заңды мүддесін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты, еліміз-

дің аумақтық бүтіндігін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, адамзаттың бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғайды. Ол қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың басты нысаны және қылмыскерліктің алдын алу шараларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде жазаның бірнеше түрлері қарастырылған, олар: айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, бас бостандығын шектеу т.б. [4]. «Қылмыстардың қайталануы» ұғымын анықтауда заң әдебиеттерінде соттылық институтының қажеттілігі туралы мәселе туындаған. Осыдан қылмыстардың қайталануы мен соттылық арақатынасы мәселесі шығады. Соттылық мазмұнын сотталған адамға жағымсыз болатын құқық шектеуші салдар құрайды: Қылмыстың қайталануының қылмысты саралауға әсері қылмыстық заң нормаларының осы белгіге арнайы бөлім арнауына немесе жауаптылық белгілеуіне қарай болады. Қылмыстық-құқықтық және жалпы құқықтық жаңа шарттарда соттылық институтының мазмұнын қайта қарау қажеттілігі маңызды. Әдебиеттерде бұл мәселе жайлы ойлар көп.

Е. Алаухановтың пікірі бойынша қоғамдық жұмыстар Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі белгілеген жазаның жаңа түрі болып табылады, ол Қазақ ССР-нің бұрынғы Қылмыстық Заңында аталған жаза түрі қарастырылмаған болатын [8,3].

Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жазаның өзіне тән қасиеті, оны қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады. Жаза мемлекеттік мәжбүрлеудің басқа шаралары секілді өзінің экономикалық базисін бекітуге тырысады. Өртүрлі таптық-қоғамдық формацияларды жаза үстем таппен сол экономикалық базисті қоғамдық-қауіпті қол сұғушылықтан қорғау мақсатында қолданылады [9, 13].

Қылмыстық заңның 12 бабына сәйкес, бірнеше рет жасалған қылмыс дегеніміз, белгілі бір бабында немесе баптың бөлімінде көзделген екі немесе одан да көп әрекетті жасау болып табылады. Демек бірнеше рет жасалған қылмыстардың мағынасы, әрқайсысы аяқталған болып табылатын бір қылмыс түрін бірнеше рет жасауды білдіреді. Бір адаммен бір қылмыс бірнеше рет жасалғанда және ол қылмыстар бойынша жауаптылыққа тартылмағанда қылмыстың квалификациялаудың арнайы ережесі қолданылады және бұл ереженің негіз-

гі мағынасы қылмыстық іс құжаттарында бір қылмыс түрі бір адаммен қайталанып бірнеше рет жасалғандығы үшін бір бапты бірнеше рет қолданбауды білдіреді. Бірнеше рет ұғымы екі – сандық және сапалық белгінің болуымен сипатталады. Сандық белгі бірнеше реттің екі немесе одан да көп қылмыстардың жасалуы барысында орын алатындығын көрсетсе, сапалық – ұқсас, яғни ҚК бір бабымен немесе оның бөліктерімен қарастырылған қылмыстардың жасалуын білдіреді.

Н.Б.Алиевтің пікірі бойынша бірнеше рет – «көп рет» ұғымына ұқсас та, әрекетті екі немесе одан көп рет жасау дегенді білдіреді [10, 28].

И.И. Гореликтің тұжырымдамасы бойынша «Егер қайталанған қылмыс дегеніміз екінші рет жасалған қылмыс болса, онда бірнеше рет деп үшінші рет жасалған қылмыс танылады», – деп жазады [11, 87].

Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыруды мақсат тұтады. Құқықтық мемлекет қашанда қоғамдағы елеулі деп танылатын қоғамдық қатынастарды заң жүзінде реттеумен айналысып қана қоймай, ол сонымен бірге құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін белгілеп, заң нормаларын дұрыс, әрі

тиімді қолдану жолдарын арттыруы қажет және олардың бұзылмай сақталуын қамтамасыз етуі керек. Қылмыстардың қайталануы қылмыстардың көптілігінің өз нысандарымен ұқсас болып келеді, сондықтан оның көптіліктің өзге де нысандарынан ажырата білген жөн. Қылмыстардың қайталануына байланысты ғалымдардың айтқандарын сәйкестендіре отырып, олардың жалпы ортақ белгілерін көрсетуге болады: қылмыстардың қайталануының қылмыстық-құқықтық түсінігін соттылықпен байланысты, яғни ол адам бұрын өзге қылмыстар үшін сотталған болуы керек. Яғни қылмыстық құқық бойынша қылмыстардың қайталануы тек қана жаңа қылмыс алдыңғы қылмыс үшін айыптау үкімі шыққаннан кейін жасалған кезде ғана орын алады. Осындай ғана қылмыстардың көптілігі қылмыстардың қайталануы болып саналады.

Сондықтан да, осы мәселелерді шешу қылмыстық-құқықтық терминологияны, қолданыстағы ұғымдық аппараттарды жетілдіруге көмектесіп, көптік қылмыстар институтын қазіргі заман талаптарына сәйкестендіріп, терең зерттеуді және негіздеуді талап етіп, аталған ғылыми тақырыптың өзектілігін және оның арнайы зерттеу объектісіне айналу қажеттілігін көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз. – Алматы: Юрист, 2015. – 61 б.
- 2 Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы: Жарлық, 2002 жыл, 20 қыркүйек, №949// Егемен Қазақстан. – 2012. – 25 қыркүйек.
- 3 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы. – Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
- 4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 204 б.
- 5 Алауханов Е. Қылмыстық құқық Ерекше бөлім: оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 224 б.
- 6 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 288 б.
- 7 Мальцев В.В. Проблемы уголовно-правовой оценки общественно-опасных последствий. – Саратов, 1999. – 228 с.
- 8 Алауханов Е., Рахметов С. Жаза: практикалық оқу құралы. – Алматы: Өркениет, 1999. – 370 б.
- 9 Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері): монография. – Астана: Фолиант, 2002. – 446 б.
- 10 Алиев Н.Б. Повторность и рецидив преступлений по советскому уголовному праву. – Махачкала, 1978. – 105 с.
- 11 Горелик И.И. Ответственность за оставление в опасности по советскому уголовному праву. – Минск: Высшая школа, 1998. – 250 с.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy 1995 zhyly 30 tamyz. – Almaty: Jurist, 2015. – 61 b.
- 2 Kazakstan Respublikasy Prezidenti. Kazakstan Respublikasynyn kuckyktyk sajasat tuzhyrymdamasy: Zharlyk, 2002 zhyl, 20 kyrkyjek, №949// Egemen Kazakstan. – 2012. – 25 kyrkyjek.
- 3 Kazakstan Respublikasy Prezidenti N.A. Nazarbaevtyn Kazakstan halkyna Zholdauly «Kazakstan zholy – 2050»: «Bir maksat, bir mydde, bir bolashak» atty zholdauly. – Astana, 2014 zhylgy 17 kantar.
- 4 Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi Almaty: JuRIST, 2015. – 204 b.
- 5 Alauhanov E. Kylmystyk kuckyk Erekshe belim: Oku kuraly. – Almaty: Zheti zhargy, 2001. – 224 b.
- 6 Arysbaev A.N. Kylmystyk kuckyk: Okulyk. – Almaty: Zheti Zhargy, 1998. – 288 b.
- 7 Mal'cev V.V. Problemy ugovovno-pravovoj ocenki obshhestvenno-opasnyh posledstvij. – Saratov, 1999. – 228 s.
- 8 Alauhanov E., Rahmetov S. Zhaza: praktikalyk oku kuraly. – Almaty: Orkeniet, 1999. – 370 b.
- 9 Dulatbekov N.O. Kylmystyk zhaza tarajyndau (teorija zhəne praktika məseleleri): monografija. – Astana: Foliant, 2002. – 446 b.
- 10 Aliev N.B. Povtornost' i recidiv prestuplenij po sovetскому ugovovnomu pravu. – Mahachkala, 1978. – 105 s.
- 11 Gorelik I.I. Otvetstvennost' za ostavlenie v opasnosti po sovetскому ugovovnomu pravu. – Minsk: Vysshaja shkola, 1998. – 250 s.